кезеңіне бөліп қарастырған. Ал, құжат түрі бөлімінде оқырмандар мақалалар, аудиофайлдар, авторефераттар түрлерін қарап, оқуларына және тыңдап, көрулеріне мүмкіндік алатындары жөнінде мәліметтер алды.

Іс-шара соңында оқырмандар библиограф берген мәліметтерге қанық болып, алдағы уақытта міндетті түрде Kazneb-ті қолданатындары жайында айта кетті.

**А.УТЕЛОВА,**
**Ы. Алтынсарин атындағы балалар кітапханасының библиографы.**

Оңтүстік Қазақстан облысы.

курс студенттері Ромат Мұқашев пен Жамиля Жұмабаеваға сөз кезегін берді. Олар жазушының

жаудырды.

Кешке арнайы шақырылған қонақтар С.Бәйішев атындағы Ақт-

## Кітапханадағы кеш

баевтың туғанына 135 жыл толуына арналған **"Сахараны Түркісібпен түлеткен, аға есімін туған елі ту еткен"** атты еске алу кеші болып өтті.

Кешке Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің магистратура және PhD докторантура ин-

келбеті және ОГПУ-дың тергеу хаттамалары бойынша", "Мұхамеджан Тынышбаевтың қайраткерлік тұлғасы" тақырыптарында сөз сөйлеп, өмірі, қоғамдық қызметі, тарихшы-ғалымдығы, өлкетанушылығы және шығармалары туралы тыңғылықты, қызық-

# Әңгімелеп БЕРДІ

Бүгінгі таңда біздер халқымыздың көп жылдар бойы арман еткен Отанымыздың Тәуелсіз мемлекет болып орныққанына және XX ғасырда еліміздің өркендеу жолында аянбай еңбек етіп, тер төккен қазақ зиялыларының аз болмағанын мақтан тұтамыз.

Солардың бірі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы-педагог, тарихшы-ғалым, өлкетанушы, қазақтан шыққан тұңғыш темір жол инженері саяси қуғын-сүргін құрбаны Мұхамеджан Тынышбаев.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен Мұхамеджан Тынышинститутының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының тарихнама деректану және заманауи методология бөлімінің меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының докторы Гүлбану Жүгенбаева, Мұхамеджан Тынышбаев туралы құжаттарды зерттеп, табуға атсалысып жүрген Мұхамеджан Тынышбаевтың жиен қарындасы Нұршәкен Жүнісқызы, М.Тынышбаевтың немересі физика-математика ғылымдарының докторы Шейх-Әли Асқар Дәулетұлы қатысып "Мұхамеджан Тынышбаевтың азаматтық

ты етіп айтып берді.

Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі туралы қысқаша хабарламаны жасаған Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың қызметкері Клара Иманбекова.

Кешке Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері, ғылыми қызметкерлер, кітапхана оқырмандары қатысты.

**Л.БЕКТІБАЕВА,**
**Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы.**

Алматы.

Қазақстан мұғалімі
23 желтоқсан 2014ж